



03.04.2018 3

**Тұрақты комиссияның
2018 жылғы 3 шілдедегі
қаулысы**

«Астана қаласында аппараттық – бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының шешімін іске асыру барысы туралы

«Астана қаласында аппараттық – бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының шешімін іске асыру барысы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай отыра, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ (бұдан әрі - Басқарма) «Астана қаласында аппараттық – бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» мәслихаттың 2017 жылғы 20 шілдедегі № 171/21-VI шешімін іске асыру бойынша нақты жұмыс жүргізіп жатқандығын анықтады.

Басқарма жеке әріптес «Көркем Телеком» ЖШС-мен қалалық бейнебақылау жүйесін құру бойынша жобаны іске асыру туралы мемлекеттік – жекешелік әріптестіктің (бұдан әрі - МЖӘ) келісімшартына қол қойды.

Астана қаласының әкімдігі жеке әріптес «Көркем Телеком» ЖШС-мен және қаланың қарулы күштерімен бірге қалалық бейнебақылау жүйесінің МЖӘ жобасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде.

«Астана қаласында аппараттық – бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» жобасын (бұдан әрі – «Сергек» АБК) іске асыру аясында Астана қаласының Ішкі істер департаменті (бұдан әрі – Департамент) және қаланың мүдделі қызметтері бейнекамера орнату үшін елорданың қылмыс көп жасалатын аулалары мен үйлері бойынша объектілерге мекенжайлық бағдарламаны құрды.

Департамент жобаны іске асыру барасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету қимасында тиімділікке қол жеткізді: 523 қылмыс ашылды; адам өлтіру – 3, ұрып-соғу – 2, ұрлық – 29, тонау – 236, көлік ұрлау – 19 және өзге де қылмыстар – 234.

Жобаны іске асыру қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстардың 28,9%-ға, көшедегі қылмыстың 26,6%-ға төмендегенін көрсетеді.

«Көркем Телеком» ЖШС бюджеттен тыс инвестицияларды тарту есебінен бейнебақылау камераларын орнатты.

Басқарма «Көркем Телеком» ЖШС инвестициялық шығындарын өтеуді кестеге сәйкес кезең-кезеңмен төлеу түрінде өтейді.

Қаланың Ішкі істер департаментінің Шұғыл басқару орталығында (бұдан әрі – ПД ШБО) «Сергек» АБК 1 автоматтандырылған жұмыс орны ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, «Сергек» АБК жобасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан проблемалар және шешілмеген мәселелер бар.

Қолданыстағы бейнежүйені кеңінен қолдану үшін «Сергек» АБК-нің ПД ШБО бейнебақылау жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуімен біріктіруді қамтамасыз ету қажет.

«Сергек» АБК автоматтандырылған жұмыс орнына шығарылған бейнекамералар басқарусыз болып табылады және ПД ШБО-да қадағалау үшін ғана қолданылады. Сонымен бірге, қоғамдық тәртіпті қорғау үшін қолданылмайды.

Бейнебақылау жүйесіне сигналдың мерзімінде түспеуіне байланысты автокөліктің жолы туралы мәліметтер кейіннен көрінеді, нәтижесінде автокөліктерді «Ұстау» жоспарын жүргізу кезінде ұстау мүмкін емес.

Осыған байланысты, елордадағы көшелер мен объектілерді үлкейтумен қосымша айналмалы бейнекамералар орнату қажет.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана қаласында аппараттық – бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының шешімін іске асыру барысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне «Сергек» қалалық бейнебақылау жүйесінің мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасын іске асыру және жол және қоғамдық қауіпсіздік деңгейін көтеру мақсатында «Астана қаласының

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ мен «Көркем Телеком» ЖШС өзара тиімді әрекет етуі үшін жағдай жасау ұсынылсын.

3. Астана қаласының әкімдігіне, «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ-не және «Astana Innovations» АҚ-на:

- жеке әріптеске сапалы қызметтер ұсыну қимасында жобаны мониторингілеу бойынша жұмысты (құрал – жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету) қамтамасыз ету;

- «Сергек» АБК-н ІД ШБО-ның бейнебақылау жүйесімен бағдарламалық қамтамасыз етуді біріктіруді қамтамасыз ету;

- «Үркер-Ильинка», «Көктал» және «Өндіріс» тұрғын үй алаптарының аумағын қоса отыра, «Сергек» АБК жүйесін кеңейту;

- «Сергек» АБК-н қаланың ақылы тұрақ кеңістігін бақылау үшін пайдалану мүмкіндігін қарастыру;

- жол ережесін бұзған автокөліктерді оларды шұғыл түрде ұстау үшін жол жүру уақыты туралы нақты ақпарат алу үшін бейнебақылау жүйесіне сигналдың уақытында түсуін қамтамасыз ету;

- қалада шұғыл жағдайларды тұрақтандыру мақсатында, елордада көшелер мен объектілердің ұлғаюына байланысты, қосымша айналмалы бейнекамералар орнату ұсынылсын.

4. Астана қаласының әкімдігіне келісімшартқа сәйкес қабылданған мемлекеттік міндеттемелерді орындауды бақылауды жүзеге асыру және «Сергек» АБК жобасының тиімділігін көтеру бойынша жұмысты қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Астана қаласының Ішкі істер департаментіне тіртіп бұзушылықтың алдын алу және азаматтарға шұғыл көмек көрсету бойынша әрекеттердің тиімділігіне, жол қозғалысы ағынын мониторингілеу сапасын көтеруге, жол – көліктік құқық бұзушылықтардың, адамлар көп жиналатын орындарда қылмыстың деңгейін төмендетуге және әкімшілік айыппұлдар есебінен жергілікті бюджетті толықтыруға қол жеткізу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

**Бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссия төрағасы**



М. Шекенов